

Брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы ШАРТ

«First Heartland Securities» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Брокер) осы Брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы қосылу шартының (бұдан әрі – Шарт) негізінде жеке және/немесе заңды тұлғаларға брокерлік қызметтер көрсетеді.

Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар (*әліпбилік ретімен*)

Өтініш – Брокер бекіткен Брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініштің нысаны, Клиенттің қол қоюы және Брокерге ұсынуы мақсатында әлеуеттегі клиентке ұсынылады. Толтырылған және қол қойылған Өтініштің нысаны Клиенттің Шартқа қосылуға келісімі және осы Шарттың талаптарымен келісімі болып табылады.

Кастодиан – клиенттердің қаржы құралдары мен ақшасының есебін және олар бойынша құқықтарды растауды, олардың сақталуы бойынша өзіне міндеттемелер қабылдаумен клиенттердің құжаттық қаржы құралдарын сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы.

Қарсы серіктес – клиенттердің активтерінің және/немесе Брокердің меншікті активтерінің есебінен жасалатын қаржы құралдарымен мәмілелер жасау процесінде Брокерге қызметтер көрсететін, ондай заңды тұлға оның аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес алынған қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға құқық беретін лицензияға, не болмаса рұқсатқа ие заңды тұлға.

Жеке кабинет – Брокердің интернет желісіндегі www.fhs.kz ресми веб-сайтының Брокердің клиенттеріне арналған жеке бөлімі, клиенттер ол арқылы дербес шоты, есепке жатқызылған төлемдер туралы қажетті ақпарат алады, сондай-ақ Брокерге электрондық құжаттар нысанында (электрондық құжат айналымы) клиенттік тапсырыстар мен бұйрықтар жолдай алады.

Номиналды ұстаушы – номиналды ұстау шартына сәйкес, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңи іс-әрекеттер жасайтын, сондай-ақ ондай ұстаушылардың бағалы қағаздарын есепке алу мен олар бойынша құқықтарын растауды және олардың бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы.

Есеп айырысу ұйымы – клирингтік ұйымның бұйрықтарының және (немесе) мәміле жасау фактісін растайтын қор биржасының құжатының және (немесе) есеп айырысу ұйымы өзінің қағидаларына сәйкес есеп айырысу үшін негіз ретінде қабылдайтын өзге құжаттың негізінде қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын ұйым.

Орталық депозитарий – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ.

Сыртқы ұйымдар – Кастодиан, Қарсы серіктес, Номиналды ұстаушы және Есеп айырысу ұйымы.

Тараптар – Клиент және Брокер

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шартқа сәйкес және Клиент қол қойған Өтініштің негізінде Брокер бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде Клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік қызметтер көрсетуді, ал Клиент – аталған қызметтердің ақысын төлеуді міндетіне алады.

1.2. Брокерлік қызметтер ретінде Брокердің Клиент берген және Брокер орындауға қабылдаған клиенттік тапсырыстардың негізінде Клиенттің есебінен бағалы қағаздар нарығында операциялар мен мәмілелер жасау бойынша қызметтері түсініледі.

1.3. Номиналды ұстаушы ретінде Клиенттің шотын жүргізу ретінде Клиент берген және Брокер орындауға қабылдаған клиенттік бұйрықтардың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Брокерге орындауға ұсынылатын үшінші тұлғалардың тапсырмаларына байланысты жасалатын Брокердің іс-әрекеттері түсініледі:

1.3.1. дербес шот бойынша операциялар: дербес шотты ашу, бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтерді өзгерту, қаржы құралдарының күшін жою, шоттардан/шоттарға қаржы құралдарын есептен шығару/есепке жатқызу, эмитенттен алынатын қаржы құралдары бойынша табысты есепке жатқызу, Клиенттің дербес шотындағы қаржы құралдары санының өзгеруі туралы жазбалар енгізу, қаржы құралдарына ауыртпалық жүктеу және ауыртпалықты алу, қаржы құралдарын бұғаттау және бұғаттаудан босату, сенімгер басқарушы туралы жазбалар енгізу және сенімгер басқарушы туралы жазбаны жою, дербес шотты жабу;

1.3.2. ақпараттық операциялар: дербес шоттан үзінді көшірмелер беру, жүргізілген операциялар туралы есеп беру, дербес шоттың жадайы туралы, соның ішінде Брокердің номиналды ұстауына табысталған қаржы құралдары бойынша Клиенттің құқықтарын растау мақсаттарында басқа есептер беру;

1.3.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген номиналды ұстаушының есеп жүйесіндегі операциялардың өзге түрлері.

1.4. Брокер Клиентке келесі қызметтерді, соның ішінде бөлек ақы үшін және бөлек келісімнің негізінде көрсетуге құқылы:

1.4.1. Клиентке инвестициялық шешімдер қабылдау үшін қажет ақпарат беру;

1.4.2. қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы ұсыныстамалар беру;

1.4.3. Клиентке ақпараттық, талдампаздық және консультациялық қызметтер ұсыну.

1.5. Брокердің қызметтер ұсынуы осы Шарттың ережелерімен, Брокердің ішкі құжаттарымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға, жасауға және тіркеуге қатысатын бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларының және банктердің ішкі құжаттарымен реттеледі.

1.6. Осы Шартпен реттелетін қатынастарға, Клиенттің мүдделерінде қаржы құралдарымен мәмілелер Қазақстан Республикасының қор биржасында жасалуға жататын жағдайларды қоспағанда, тапсырма беру шартына қатысты белгіленген Қазақстан Республикасының заңнамасының қолданылуы таралады. Клиенттің мүдделерінде қаржы құралдарымен мәмілелер Қазақстан Республикасының қор биржасында жасалуға жататын жағдайларда, Брокер мен Клиенттің арасындағы қатынастарға комиссия шартына қатысты белгіленген Қазақстан Республикасының заңнамасының қолданылуы таралады.

1.7. Клиенттің дербес шотында есепке алынатын Клиенттің қаржы құралдарына және ақшасына меншік құқығы осы Шарттың қолданылу мерзімінің бүкіл барысында Клиентте сақталады.

1.8. Брокер, Клиенттің мүдделерін қорғау мақсаттарында, қаржы құралдармен мәмілелер жасауды басқа брокерге және (немесе) дилерге тапсыруы мүмкін. Брокердің қаржы құралдармен мәміле жасауды басқа брокерге және (немесе) дилерге тапсыруы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Клиенттік шоттарды ашу

2.1. Брокер осы Шартқа қосылу туралы Клиенттің өтінішін тіркеу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде және тек дербес шотты ашуға бұйрық бар болған кезде, Клиентке номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде дербес шот және қосымша шот ашу үшін қажет Клиенттің барлық деректемелерін жария етумен, Орталық депозитарийдің/Кастодианның есепке алу жүйесінде Клиенттің қосымша шотын ашады. Бұл орайда Клиент Брокердің Клиенттің жеке деректерін және/немесе тіркеу деректерін Сыртқы, соның ішінде шетелдік ұйымдарға жария етуімен келіседі. Клиенттің дербес шоты мен қосымша шотын ашу кезінде Брокер және Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасының, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларының, Басқа ұйымдар мен биржаның ішкі құжаттарының талаптарын сақтайды.

2.2. Клиент осы Шартқа қосылу кезінде Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес дербес шотты ашуға бұйрықты ресімдейді және Брокердің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды қоса береді.

2.3. Клиенттің дербес шоттарын ашу кезінде және/немесе осы Шарттың қолданылу мерзімінің бүкіл барысында осы Шартты орындау кезінде, Брокер Клиенттен өзге құжаттарды және/немесе құжаттардың нысандарын, соның ішінде Сыртқы, соның ішінде шетелдік ұйымдардың құжаттарының нысандарын толтыруды сұрауға құқылы. Брокер Клиент Брокер сұрататын құжаттарды ұсынған сәтке дейін осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бір жақты тәртіпте уақытша тоқтатуға құқылы.

2.4. Қажет болған жағдайда Брокер шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған және халықаралық бағалы қағаздар нарықтарында айналыстағы бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдарын сақтау және есепке алу мақсаттарында Клиентке Сыртқы, соның ішінде шетелдік ұйымдардан шот ашады. Мұндай жағдайда Клиент Сыртқы, соның ішінде шетелдік ұйымдар тіркелу елінің қолданылатын заңнамасының талаптарында Клиенттің жеке деректерін және/немесе тіркеу деректерін жинауды және өңдеуді жүзеге асыруға тиіс екенімен келіседі. Сондай-ақ Клиент шетелдік қаржы құралдары бойынша табысты есептеу кезінде Сыртқы, соның ішінде шетелдік ұйымдар шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ұстап қалуға жататын салық сомасын есептен шығаруы мүмкін екенінің фактісін ұғады және қабылдайды.

2.5. Брокер келесі жағдайларда қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату немесе осы Шартты үзу арқылы Клиентке дербес шотты ашудан немесе ол бойынша қызметтер көрсетуден бас тартуға құқылы:

2.5.1. Клиент қажетті және Брокер сұрататын құжаттарды ұсынбаса, немесе толық емес көлемде ұсынса;

2.5.2. Клиент дерексіз ақпарат берілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынса;

2.5.3. Клиент ұсынған құжаттар мен мәліметтер Брокердің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келмесе;

2.5.4. Клиент осы Шарт бойынша міндеттерін және процедураларды орындамаса, немесе тиіссіз түрде орындаса;

2.5.5. Клиент осы Шартқа өзгертулермен және/немесе толықтырулармен келіспесе, ол туралы Брокерге жазбаша түрде хабарласа;

2.5.6. өзге негіздер бойынша.

2.6. Осы Шарттың 2.5-тармағында көрсетілген жағдайларда, Брокер Клиент бас тарту себептерін жойғанға немесе осы Шарт үзілгенге дейін дербес шот ашудан немесе қызметтер көрсетуден бас тарту туралы Клиентті жазбаша нысанда құлақтандырады. Осы Шарт тек Клиент оны уақытша тоқтату негіздерін жойғаннан кейін өзінің қолданылуын жалғастыра алады.

3. Клиенттік бұйрықтар мен тапсырыстар беру тәртібі

3.1. Клиенттің дербес шоты бойынша барлық операциялар тек қана тиісінше клиенттік бұйрықтар мен тапсырыстардың негізінде орындалады және Клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелер жасалады.

3.2. Клиенттік тапсырыс/бұйрық Брокердің ішкі құжаттарына сай нысан бойынша жазбаша түрде 1 (бір) түпнұсқалық данада Брокердің жауапты жұмыскеріне ұсынылуға тиіс. Клиент тапсырыс/бұйрықты Тараптардың ікс үшін бір-бір данадан 2 (екі) түпнұсқалық данада беруге құқылы, сондай-ақ Клиент Брокерден Клиент берген бұйрық/тапсырыстың қағаз бетіндегі көшірмесін қалыптастыруды талап етуге құқылы.

3.3. Клиент тапсырыстар берудің қосымша тәсілдерін, атап айтқанда өзінің жеке қолтаңбасының аналогын механикалық немесе өзге көшірудің көмегімен, не болмаса электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы қолтаңбаны факсимилелік қайталау құралдары арқылы беру тәсілдерін белгілеуге құқылы.

3.4. Клиенттік тапсырысты/бұйрықты осы бапта көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен берумен байланысты барлық тәуекелдерді тек қана Клиент көтереді.

3.5. Клиенттің тапсырысының/бұйрығының қабылданғанының дәлелдемесі тапсырыстың/бұйрықтың түпнұсқасындағы Брокердің тиісті белгісі болып табылады.

4. Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды өзінің жеке қолтаңбасының аналогын механикалық немесе өзге көшірудің көмегімен, не болмаса электрондық құжат айналымы жүйесі арқыды қолтаңбаны факсимилелік қайталау құралдары арқылы беру талаптары (альтернативті байланыс түрлері)

4.1. Тапсырыстарды/бұйрықтарды альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып беру мақсаттарында осы Шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген Брокер мен Клиенттің электронды пошта мекенжайлары пайдаланылады.

4.2. Альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып берілген тапсырыстың нысаны және мазмұны қағаз бетінде ресімделген тапсырыстарға қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

4.3. Альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып, Клиент осы Шартқа сәйкес кез келген операцияға тапсырыс беруге құқылы, бұл орайда Клиент тапсырыс берілген электронды пошта арқылы тиісті растау жолымен Брокерге қосымша растайды.

4.4. Брокерге Клиенттің өзінің жеке қолтаңбасының аналогын механикалық немесе өзге көшірудің көмегімен, не болмаса электрондық құжат айналымы жүйесі арқыды қолтаңбаны факсимилелік қайталау құралдары арқылы берілген тапсырыстарды Брокер Клиент альтернативті байланыс түрлерімен жолдаған клиенттік тапсырыстар тізіліміне енгізеді. Тізілім бір айға тең кезең үшін жүргізіледі және онда Брокердің тапсырысты алу күні, тапсырыстың негізінде жасалуға жататын мәміленің түрі, Клиент ол арқылы клиенттік тапсырысты берген байланыс түрі беріледі. Клиент онда альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып тапсырыстар берген есептік ай аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде, Клиент немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілген тізілімге қол қоюға міндетті. Клиенттің немесе оның өкілінің тізілімге қол қойуы альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып жолданған тапсырыстың түпнұсқалығын растайды.

4.5. Брокер, егер альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып берілген тапсырысты жолдау кезінде барлық қажетті деректемелер және тапсырыстың міндетті талаптары көрсетілмеген болса, ондай тапсырысты қабылдамауға құқылы. Брокер, осы Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жалпы негіздермен қатар, егер Брокердің пікірі бойынша, Клиенттің өзінің жеке қолтаңбасының аналогын механикалық немесе өзге көшірудің көмегімен, не болмаса электрондық құжат айналымы жүйесі арқыды қолтаңбаны факсимилелік қайталау құралдары арқылы берілген тапсырыстардың түпнұсқалығына және деректілігіне күмән бар болса, сондай-ақ тапсырыста Клиенттің дербес шоттарын ашу және жабу жөніндегі, ақша қаражатын шығару жөніндегі, сондай-ақ Клиенттің уәкілетті тұлғаларының құрамын өзгерту жөніндегі нұсқаулықтар берілген жағдайда, өз тарапынан қандай да бір жауапкершіліксіз, мұндай тапсырыстарды орындамауға құқылы.

4.6. Брокер Клиенттің дербес шоты бойынша барлық операцияларды келесі жағдайларда уақытша тоқтатуға құқылы:

- Клиенттің альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып берілген тапсырыстар тізіліміне қол қою бойынша айына 1 (біреуден) артық берешегі бар болса;

- Клиенттің Брокердің және/немесе Клиенттің мәмілелерінің орындалуын және есеп айырысуды, сондай-ақ активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін үшінші тұлғалардың комиссияларын төлеу бойынша берешегі бар болса.

4.7. Тапсырыстарды альтернативті байланыс түрлерін пайдаланып жолдау тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтіндіктен, Клиент Клиенттің атынан жаңсақ немесе дерексіз тапсырыстардың жолдануын, үшінші тұлғалардың рұқсатсыз килігуін, соның ішінде алаяқтықты, тапсырысты жолдау үшін Клиенттің офисінде/орналасқан жерінде немесе кез келген өзге бір жерде тұрған аппараттың пайдаланылуына қатыссыз, кез келген факсимилелік аппараттың уәкілетсіз немесе тиіссіз түрде пайдаланылуын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, мұндай байланысты пайдаланудың бүкіл және кез келген тәуекелін өзіне қабылдайды.

5. Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды Жеке кабинет арқылы беру талаптары

5.1. Клиент, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 07 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Брокермен брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін жүзеге асыру кезінде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану туралы келісімге қол қойғаннан кейін, клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды жолдауды Жеке кабинет арқылы электрондық құжаттар нысанында жүзеге асыруға құқылы.

5.2. Электрондық клиенттік тапсырыс/бұйрық оны Брокердің электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеуден кейін Брокерге келіп түскен болып саналады. Брокердің жұмыскері электрондық құжат нысанындағы клиенттік тапсырысты/бұйрықты өңдеуге қабылдайды, оның барысында клиенттік тапсырыс/бұйрық қарап шығу және тексеру үшін мазмұны ашылады, нөмір, уақыты мен күнін берумен электрондық құжат айналымы жүйесінде қалыптастырылады және Брокер оны заңнамаға және осы Шартқа сәйкестігі тұрғысынан тексереді.

5.3. Электрондық клиенттік тапсырысқа/бұйрыққа қандай да бір ескертпелер жоқ болған жағдайда, Брокер электрондық құжат айналымы жүйесінде түпнұсқалығын тексеруден өткен клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауға қабылдайды. Орындауға қабылдау тура Клиенттің Жеке кабинетінде көрсетіледі.

5.4. Электрондық клиенттік тапсырысты орындау мүмкін болмаған жағдайда, Брокер Электрондық клиенттік тапсырысты орындауға қабылдамайды, ол туралы мұндай Электрондық клиенттік тапсырысты алу күні оның мәртебесін өзгерту және Жеке кабинетте бас тарту туралы ашылатын құлақтандыру жолымен Клиентті құлақтандырады.

5.5. Жеке кабинетте жүргізілетін барлық операциялар Брокерде электрондық түрде сервердің тұрғылықты дискілерінде сақталатын жүйенің жұмысының хаттамаларында тіркеледі. Брокер мен Клиенттің арасында жолдан электрондық клиенттік тапсырыстарға қатысты келіспеушіліктер орын алған жағдайда, тараптар Брокердің серверінде сақталатын бағдарламаның жұмысының хаттамасындағы жазбаны дәлелдеме ретінде мойындайды.

5.6. Тараптар келесіні мойындайды:

- 1) электрондық клиенттік тапсырыстар беру бойынша байланыс сеанстарының бастамашысы Клиент болып табылады;
- 2) Жеке кабинетті операциялық және техникалық қолдау мәселелері бойынша консультацияларды Брокер жұмыс күндері Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 09:00 сағаттан 18:00 сағатқа дейін жүзеге асырады.

6. Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды орындау тәртібі және Брокердің есептілігі

6.1. Қағаз бетінде ресімделген, кез келген альтернативті тәсілмен немесе Жеке кабинет (электрондық құжат айналымы) арқылы берілген клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер орындауға қабылдайды.

6.2. Қазақстанның қор биржасында мәмілені орындау мақсаттарындағы клиенттік тапсырысты, операцияны ағымдағы күнде жүзеге асыру үшін, Клиент Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 16:30 сағатынан кешіктірмей ұсынуға және Брокер алуға тиіс. Брокер Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 16:30 сағатынан кейін алған клиенттік тапсырыс, егер клиенттік тапсырыспен өзгесі белгіленбеген болса, Брокердің келесі жұмыс күні орындауына жатады. Бұл орайда, Брокерде ондай мүмкіндік бар болған жағдайда, клиенттік тапсырыс ағымдағы күні орындалуы мүмкін.

6.3. Халықаралық бағалы қағаздар нарықтарында мәмілелерді орындау мақсаттарындағы клиенттік тапсырысты, операцияны ағымдағы күнде жүзеге асыру үшін, Клиент Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 17:30 сағатынан кешіктірмей ұсынуға және Брокер алуға тиіс. Брокер Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 17:30 сағатынан кейін алған клиенттік тапсырыс, егер клиенттік тапсырыспен өзгесі белгіленбеген болса, Брокердің келесі жұмыс күні орындауына жатады. Бұл орайда, Брокерде ондай мүмкіндік бар болған жағдайда, клиенттік тапсырыс ағымдағы күні орындалуы мүмкін. Брокер халықаралық бағалы қағаздар нарықтарының жұмыс регламентін ескере отырып, ресми мерекелер мен демалыс күндері кезеңінде алған клиенттік тапсырыс, егер клиенттік тапсырыста өзге орындау мерзімі белгіленбеген болса, Брокердің тиісті шетелдік қор биржасының жұмысы қайта басталғаннан кейін Брокердің келесі жұмыс күні орындауына жатады.

6.4. Клиент Брокердегі Клиенттің шотында жатқан ақшаны (түгелдей немесе бір бөлігін) Брокер бекіткен нысан бойынша клиенттік бұйрық беру жолымен аударуға құқылы. Ақша аударуға клиенттік бұйрықты Клиент операцияны ағымдағы күнде орындау үшін Брокерге Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 15:30 сағатынан кешіктірмей арнайы ұсынуға тиіс. Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 15:30 сағатынан ұсынылған клиенттік бұйрық Брокердің келесі жұмыс күні орындауына жатады. Клиенттің бұйрығы көрсетілген уақыттан кейін Сыртқы ұйымдарда және Брокерде техникалық мүмкіншіліктер бар болған кезде орындалуы мүмкін. Брокердің клиенттік бұйрыққа сай ақша аударуы тек Клиенттің шотындағы ақша жеткілікті болған жағдайларда жүргізіледі. Брокерді ауыстырусыз Клиенттің ақшасының аударымдары Сыртқы ұйымдар мен Брокердің қолданылатын тарифтерін ескере отырып, оларда техникалық мүмкіншіліктер бар болған кезде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 17:30 сағатына дейін жүзеге асырылады.

6.5. Клиент, операцияны ағымдағы күнде орындау үшін Брокерге Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 16:30 сағатынан кешіктірмей тиісті бұйрық беріп, басқа номиналды ұстаушыда ашылған қаржы құралдарды өзінің шотына аударуға құқылы. Көрсетілген мерзімнен кейін жолданған Клиенттің бұйрығы Брокердің келесі жұмыс күні орындауына жатады. Клиенттің бұйрығы көрсетілген мерзімнен кейін Сыртқы ұйымдарда және Брокерде техникалық мүмкіншіліктер бар болған кезде орындалуы мүмкін.

Шетелдік номиналды ұстаушыға мұндай аударым жағдайында, Клиент Брокердің сұратуы бойынша басқа номиналды ұстаушыда ашылған шоттың тиесілігін растайтын құжаттарды (Клиент пен номиналды ұстаушының арасында жасалған брокерлік қызметтер көрсетуге шарттың көшірмесін немесе басқа номиналды ұстаушыда шот ашылғаны туралы өзге дәлелдемені және басқасын) Брокерге қосымша ұсынуды міндетіне алады. Брокерді ауыстырусыз Клиенттің қаржы құралдарының аударымдары Сыртқы ұйымдардың қолданылатын тарифтерін ескере отырып, оларда техникалық

мүмкіншіліктер бар болған кезде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күнінің 17:00 сағатына дейін жүзеге асырылады.

6.6. Клиент клиенттік тапсырысты беруге дейін клиенттік тапсырыста көрсетілген соманы аударды немесе клиенттік тапсырысты орындау үшін жеткілікті ақша сомасының және\немесе қаржы құралдары санының бар болуын қамтамасыз етеді. Көрсетілгенмен қатар, Клиент сондай-ақ дербес шотында Брокердің сыйақысы мен мәмілеге/клиенттік тапсырысты орындау жөніндегі тапсырмаға қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың (Орталық депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушы, Сыртқы ұйымдар) комиссияларын төлеу үшін жеткілікті соманы қамтамасыз етеді.

6.7. Клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер клиенттік тапсырыста/бұйрықта көрсетілген мерзімнің ішінде, сондай-ақ клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауда қамтылған тұлғалардың операциялық сағаттарын ескере отырып, Брокердің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте орындайды.

6.8. Егер мәмілені жасау кезінде мәміленің талаптарын өзгертудің қажеттілігі туындаса, Брокер алдында берілген клиенттік тапсырысты қайта ресімдеу немесе қайтып алу мақсаттарында өзінің іс-әрекеттерін Клиентпен өзара келісуге міндетті.

6.9. Брокер клиенттік тапсырыс орындалған соң Клиентке Брокердің ішкі құжаттарына сай нысан бойынша тиісті есепті ұсынады.

6.10. Қабылданған клиенттік тапсырыстың орындалғаны туралы есеп сондай тапсырыс орындалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде қалыптастырылады және Клиентке жолданады:

- электрондық түрде өтініште (Клиенттің электрондық мекенжайы бар болған жағдайда) немесе Жеке кабинетте көрсетілген Клиенттің деректемелері бойынша;

- Клиент есептерді алудың осындай тәсілін көрсеткен жағдайда, Брокердің офисінде Клиенттің қолына қағаз бетінде беріледі.

6.11. Брокер клиенттік тапсырысты/бұйрықты келесі жағдайларда қабылдамайды және орындамайды:

6.11.1. клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың мазмұнының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қарама-қайшылығы орын алған кезде;

6.11.2. егер клиенттік тапсырыс/бұйрық оларға қатысты берілген бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына ауыртпалық жүктелген болса, не болмаса, егер клиенттік тапсырыста/бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздардың саны Клиенттің шотындағы аталған бағалы қағаздардың және өзге қаржы құралдарының қолда бар көлемінен асатын болса;

6.11.3. Клиенттің ақшасы ол берген тапсырысты/бұйрықты орындау үшін жеткіліксіз болған кезде;

6.11.4. егер жорамалдағы мәміленің талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген манипуляциялау нышандарына сәйкес келетін болса;

6.11.5. өзге негізді жағдайларда.

6.12. Брокер келесі жағдайларда тапсырысты/бұйрықты орындамау себептерін көрсетіп, жазбаша бас тарту ресімдейді:

6.12.1. тапсырыстардағы/бұйрықтардағы қолтаңбалардың үлгілерінің нотариалдық куәландырылған үлгілерге сәйкес келмеуі;

6.12.2. операция жасауға бұйрық алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде қарсы бұйрықтың ұсынылмауы;

6.12.3. бұйрықтардың деректемелерінің Брокердің деректемелеріне немесе Клиенттің дербес шотының (қосымша шотының) деректемелеріне сәйкес келмеуі;

6.12.4. клиенттердің шоттарында (қосымша шоттарында) бағалы қағаздардың қажетті санының (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) және (немесе) ақшаның жоқ болуы;

6.12.5. мәміленің мазмұнының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі;

6.12.6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда, клиенттің мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның ірі қатысушының мәртебесін иеленуге келісімін растайтын құжатты ұсынбауы;

6.12.7. тиісті мемлекеттік органдардың, не болмаса соттың бағалы қағаздардың айналысын уақытша тоқтату немесе доғару туралы шешімі бар болған кезде;

6.12.8. бұйрықта көрсетілген дербес шот немесе қосымша бұғатталған немесе тыйым салынған кезде;

6.12.9. бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық жүктелген кезде;

6.12.10. жорамалдағы мәміленің талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген манипуляциялау нышандарына сәйкес келетін кезде;

6.12.11. өзге негізді жағдайларда.

6.13. Брокер осы Шартпен белгіленген тәртіпте және талаптарда поштамен және (немесе) арнайы және электронды поштамен және (немесе) өзге байланыс түрлерімен Клиентке осы тармақпен белгіленген клиенттік тапсырысты орындамау себептерін көрсете отырып, ерікті нысанда жасалған клиенттік тапсырысты қабылдаудан бас тарту туралы құлақтандыру жолдайды.

6.14. Егер клиенттік тапсырыс/бұйрық орындалмаған болса, Брокер орындамау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Клиентке орындамау себептерін көрсете отырып, клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың орындалмағаны туралы құлақтандыру беруге міндетті. Аталған құлақтандыру Клиентке осы баптың 6.10-тармағында көрсетілген тәртіпте жолданады.

6.15. Клиенттің қаржы құралдарына қатысты соттың шешімі бойынша және\немесе мемлекеттік органның және сондай шешім қабылдауға уәкілетті өзге тұлғалардың шешімінің негізінде, Брокер Клиенттің дербес шоты бойынша операциялар жасауды бір жақты тәртіпте уақытша тоқтатады, сондай-ақ Клиентті сонымен бір мезгілде ол туралы құлақтандыра

отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің қаржы құралдары бойынша құқықтарының өзгерістерін және/немесе доғарылуын тіркеуді жүргізеді.

6.16. Қаржы құралдары бойынша құқықтар мен міндеттер Клиентте мәмілені/операцияны Орталық депозитарийде және/немесе Сыртқы ұйымдарда Клиенттің қосымша шоты бойынша тіркеуден кейін пайда болады.

6.17. Қаржы құралдары бойынша құқықтарды растау Брокердің номиналды ұстау жүйесіндегі Клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме беру жолымен жүзеге асырылады. Дербес шоттан үзінді көшірме Клиенттің бұйрығы бойынша Брокердің ішкі құжаттарына сай нысан бойынша беріледі.

6.18. Осы Шартты орындау процесінде Брокер Брокердің номиналды ұстауында тұрған Клиенттің қаржы құралдары бойынша табыстардың келіп түсуінің және бөлінуінің есебін жүргізеді.

6.19. Клиенттің қаржы құралдары бойынша табыстарды Брокер, егер осы Шарттың талаптарымен немесе Брокердің ішкі құжаттарымен өзгесі көзделмеген болса, олар келіп түскеннен кейін бірден Клиенттің дербес шотына есепке жатқызады және Клиентке Брокердің ішкі құжаттарына сай нысан бойынша Клиенттің қаржы құралдары бойынша табыстардың төленгені туралы құлақтандыру береді.

6.20. Брокер Клиенттің ақпараттық қызметтерге жазбаша бұйрығы бойынша аталған бұйрықты тіркеу сәтінен бастап 5 (Бес) жұмыс күнінің ішінде Клиентке сондай бұйрықта көрсетілген күнге қарай/кезеңдегі жағдай бойынша есеп құжаттарын (дербес шоттан көшірме немесе бағалы қағаздар мен ақша бойынша есеп) ұсынады. Көрсетілген ақпараттық қызметтің ақысын Клиент Брокердің тарифтеріне сәйкес төлейді.

Клиент көрсетілген есептердің электрондық нұсқаларын Брокердің қолтаңбасынсыз және мөрінсіз Жеке кабинетте (кез келген күнге) қалыптастыра алады. Егер Клиентке Брокер бұрыштама соққан есеп қажет болса, онда ол осы Шартта көрсетілген кез келген тәсілме ол туралы Брокерге хабарлайды.

6.21. Есеп құжаттарын электрондық немесе пошталық байланыс арқылы жолдау тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтіндіктен, Клиент есеп құжаттарын уәкілетті жоқ тұлғаның алуын, есеп құжаттарының тиіссіз түрде алынуын, үшінші тұлғалардың кез келген рұқсатсыз килігуі, соның ішінде алаяқтық мүмкіндігін, электрондық немесе пошталық мекенжайдың уәкілетсіз немесе тиіссіз түрде пайдаланылуын және басқасын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, сондай байланыс түрлерін пайдаланудың бүкіл және кез келген тәуекелін өзіне қабылдайды. Клиент электрондық немесе пошталық мекенжайы деректемелерінің өзгергені туралы Брокерді жазбаша түрде және уақытылы хабарландырып отыруға міндетті. Бұл орайда Брокер электрондық немесе пошталық байланыс арқылы есеп құжаттарының жіберілуін және алынуын қамтамасыз ететін тұлғалар мен ұйымдардың жұмысындағы ақаулықтар, тап солай есеп құжаттарының ескірген электрондық және/немесе пошталық мекенжай бойынша, уәкілетті жоқ тұлғаға жіберілгені үшін жауапкершілік көтермейді. Алушының деректемелері, электрондық немесе пошталық мекенжайлары туралы өзгерістер енгізу Брокердің Клиенттен тиісті жазбаша құлақтандыру, ал Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда – тиісті бұйрық алу сәтінен бастап жасалған болып саналады.

7. Брокердің құқықтары мен міндеттері

7.1. Осы Шарт бойынша Брокер келесіге міндетті:

7.1.1. Клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелер мен операцияларды осы Шарттың және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес сәйкес жасау;

7.1.2. соттық және мемлекеттік органдар мен уәкілетті тұлғалардың тарапынан құлақтандыру жағдайында Клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын орындауды уақытша тоқтату немесе орындамау;

7.1.3. қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде клиенттік тапсырысты барынша жақсы орындау үшін барлық мүмкін күштерін салу. Мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда, Брокер қаржы құралдарымен мәмілені Клиенттің мүдделерінің өз мүдделерінен басымдығына орай жасауға міндетті;

7.1.4. Клиентті Брокерге мәлім болған, қаржы құралдарымен мәмілелер жүргізуге кедергі келтіретін барлық мән-жайлар туралы хабарландыру;

7.1.5. егер ондай мәміленің орындалуы мүдделер қайшылығының туындауына әкеліп соғатын болса, Клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы ұсыныстамалар бермеу, Клиентті мүдделер қайшылығының туындау мүмкіндіктері және фактілері туралы құлақтандыру;

7.1.6. осы Шартпен анықталатын тәртіпте Клиентке клиенттік тапсырыстың орындалуы/орындалмауы туралы есептер беру;

7.1.7. уәкілетті органға осы Шартқа сәйкес жасалған немесе жасау жоспарланатын және оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектеулер және ерекше талаптар белгіленген қаржы құралдарымен мәміле туралы сондай мәмілені жасасу немесе брокердің сондай мәмілені жасасудан бас тарту күнінен кейінгі күннен кешіктірмей хабарлау;

7.1.8. номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бар Клиенттің дербес шоты туралы ақпаратты сақтау;

7.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Клиенттің дербес шоты бойынша өзгерістер енгізу;

7.1.10. Орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша бағалы қағаздары оның номиналды ұстауында тұрған Клиент туралы мәліметтер беру;

7.1.11. эмитент жолдайтын инвестициялық табысты алу және оны Клиенттің дербес шотына есепке жатқызу;

7.1.12. Клиентке тиесілі қаржы құралдары бойынша табыстар алынғаны туралы Клиентті құлақтандыру;

7.1.13. осы Шартқа сәйкес тарифтердің өзгергені туралы Клиентті құлақтандыру.

7.2. Осы Шарт бойынша Брокер келесіге құқылы:

- 7.2.1. өзінің тарифтеріне сәйкес сыйақы алу;
- 7.2.2. Клиент осы Шартпен көзделген міндеттері мен міндеттемелерін орындамайтын жағдайда, осы Шартты орындауды уақытша тоқтату;
- 7.2.3. қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру кезінде Клиенттен қажетті қосымша ақпаратты талап ету;
- 7.2.4. осы Шарт бойынша сыйақы сомасын, осы Шарт шығыстар сомасын, тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ осы Шарт бойынша Клиенттің төлеуіне жататын өзге сомаларды Клиенттің ақшасының есебі үшін ашылған Клиенттің шотынан акцептсіз тәртіпте есептен шығару;
- 7.2.5. консультациялық, талдампаздық және ақпараттық қызметтер көрсету;
- 7.2.6. Клиенттің дербес шотында соңғы он екі айдың ішінде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары) жоқ болған және Клиенттің ақшаны есепке алуға арналған шотында 1 000,0 (бір мың) теңгеден немесе шетел валютасындағы эквивалентті сомадан артық емес сома бар болған кезде ақша сомасының қалдығын Брокердің табыстарының есебінен жатқызумен оны жаюу;
- 7.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге құқықтар.

8. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

8.1. Осы Шарт бойынша Клиент келесіге міндетті:

- 8.1.1. осы Шартпен және Тараптардың қосымша келісімдерімен анықталатын тәртіпте және талаптарда қаржы құралдарымен мәмілелер жүргізумен байланысты Брокердің шығыстарын, сондай-ақ сыйақысын төлеу;
- 8.1.2. берілген клиенттік тапсырыстарға/бұйрықтарға сәйкес ешбір шегерусіз, мәміле бойынша салықтар мен төлемдерді, соның ішінде Брокердің сыйақысын және қызмет көрсетуші үшінші тұлғалардың комиссияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кез келген төлемдерді қоса алғанда, мәмілелер және олармен операциялар жасау үшін қажет қаржы құралдарының бар болуын қамтамасыз ету;
- 8.1.3. осы Шартқа сәйкес Брокерге берілген қаржы құралдарының кез келген төлемақылардан, кепілден, ауыртпалықтан немесе ұстап қалудан азат болып табылатынына кепілдік беру;
- 8.1.4. өзінің анкеталық деректерінің өзгергені туралы сондай өзгерістердің пайда болу сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде, соның ішінде, егер Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес ондайлар талап етілетін болса, Брокер белгілеген нысан бойынша бұйрықтар жолдаумен, Брокерді жазбаша түрде хабарландыру;
- 8.1.5. қаржы құралдарымен мәмілелерді және дербес шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін қажет барлық құжаттарды уақытылы ұсынып отыру;
- 8.1.6. Брокерге ондай төлемдер, міндеттемелер, шығыстар немесе залалдар Брокердің кінәсінен, оның жұмыскерлерінің салақтығының немесе міндеттемелерін қасақана орындамауының нәтижесінде пайда болған жағдайларды қоспағанда, Клиентке кез келген көрсетілген қызметке, не болмаса осы Шарт бойынша кез келген рұқсат етілген іс-әрекетке қатысты немесе оның нәтижесінде жанама түрде немесе тура есептелген кез келген салықтарды қоса алғанда, Брокер қандай да бір себептен көтерген залалдарды, міндеттемелерді немесе шығыстарды өтеу;
- 8.1.7. Брокерден осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдап алу;
- 8.1.8. Брокерді Клиент клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындау бойынша үшінші тұлғаның алдында өзіне қабылдаған міндеттемелерден босату;
- 8.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге міндеттер.

8.2. Осы Шарт бойынша Клиент келесіге құқылы:

- 8.2.1. Брокерден осы Шартпен көзделген міндеттерін орындауды талап ету;
- 8.2.2. Брокерден өзінің дербес шотының жағдайы туралы ақпарат алу;
- 8.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды іске асыру.

9. Брокердің сыйақысы және Тараптардың арасында есеп айырысу тәртібі

- 9.1. Брокердің сыйақы сомасы Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес тарифтер бойынша есептеп шығарылады.
- 9.2. Сыйақы Брокер мәлімдеген қызметтердің төлемақысына шоттың негізінде төленуге жатады.
- 9.3. Сыйақыны Клиент ай сайын, шоттың түпнұсқасын немесе Брокердің төлем туралы құлақтандыруын немесе жазбаша талабын алу сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішіне төлейді. Брокер көрсетілген 5 (бес) жұмыс күні өткен соң сыйақының және өзге көтерген шығыстарының сомасын Клиенттің шотынан есептен шығаруға құқылы.
- 9.4. Қызметтерді төлеуге шоттың түпнұсқасын Брокер Клиентке ол үшін төлем жүргізуге тиіс болған ай аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей жолдайды. Клиент Қарсы серіктестердің шоттарды мәлімдеу бойынша кідірістері жағдайында, Брокердің аталған мерзімді ұзартуы мүмкін екенін мойындайды.
- 9.5. Осы Шартқа сәйкес, Клиент Брокерге Шарттың 9.3-тармағының сақталуын ескере отырып, және Тараптардың арасында есеп айырысу бойынша келіспеушіліктер жоқ болған кезде, Клиенттің шотынан сыйақы сомасын және Брокер осы Шарт бойынша клиенттік тапсырысты орындау кезінде іс жүзінде көтерген негізді, құжаттық расталған шығыстарды акцептсіз тәртіпте есептен шығаруға уәкілеттік береді.
- 9.6. Егер Клиенттің шотында ақша жоқ болса, онда сыйақы төлеу және Брокер көтерген шығыстарды өтеу Клиенттің Брокер ұсынған қызметтердің ақысын төлеуге шоттың негізінде Брокердің банк шотына ақша аударуы жолымен жүргізіледі.
- 9.7. Орталық депозитарийдің, биржалардың, Сыртқы ұйымдардың қызметтері үшін шығыстарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Брокер осы Шарттың талаптарына сәйкес өзінің міндеттерін тиісті түрде орындау кезінде көтерген

барлық банктік және өзге алымдар, төлемақылар, борыштар және шығыстар Клиенттің есебіне жатқызылады және Брокер осы Шарттың 9.5-тармағына сәйкес Клиенттің Шотынан уақытылы есептен шығарады, не болмаса Клиент Брокер төлемге мәлімдеген шоттың негізінде төлейді. Дербес шоттағы ақшаны толықтыру операциялары бойынша екінші деңгейдің банкерінің қызметтерінің ақысын Клиент дербес төлейді.

9.8. Клиенттің ресми сұрауының негізінде Брокер Клиентке сұрау сәтіне қарай қолданыстағы Қарсы серіктестердің тарифтері туралы мәліметтер береді.

9.9. Брокер оған Шарт бойынша тиесілі сыйақы мен көтерген шығыстарының сомалары төленгенге дейін Клиенттің клиенттік тапсырыстарын/бұйрықтарын орындауға қабылдамауға және мүлкін ұстап қалуға құқылы.

9.10. Клиент Брокердің өзіне тиесілі сыйақыны Клиенттің дербес шотынан тиісті сомаларды акцептсіз есептен шығару және оларды Брокердің өз шотына есепке жатқызу жолымен ұстап қалуға құқығымен келіседі және растайды. Дербес шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Клиент Брокердің сыйақысын өзінің ағымдағы шотынан төлейлі және осы бөлімге сәйкес басқа төлемдерді жүргізеді және/немесе Брокердегі дербес шотын толықтырады. Клиентте барлық қажетті төлемдерді жүзеге асыру үшін ұлттық валютада берілген ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Брокердің ондай төлемдерді өтеу үшін жеткілікті сомада шетел валютасынан ұлттық валютаға ақша аударуды және айырбастауды көрсетілген айырбастауды жүргізу күніндегі Брокерге қызмет көрсететін банктің бағамы бойынша бір жақты тәртіпте жүзеге асыруға құқығы бар.

10. Тараптардың жауапкершілігі

10.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиіссіз түрде орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жауапкершілік көтереді.

10.2. Осы Шарттың 7-бабының 7.1.5-тармағымен белгіленген талап бұзылған жағдайда, Брокер Клиентке ол сондай бұзушылықтың нәтижесінде көтерген залалдарды және мәміле сомасынан 0,001% мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

10.3. Сыйақыны, Клиенттің кінәсінен пайда болған Брокердің шығыстарын төлеуді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, осы Шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзімдері бұзылған жағдайда, Клиент Брокерге мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін төлемге жататын жалпы соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

10.4. Мәміле жасау бойынша операция Клиенттің кінәсінен орындалмаған жағдайда, Клиент Брокерге орындалмаған мәміленің жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының, тауарлық биржаның ішкі құжаттарымен операцияның орындалмағаны үшін белгіленген барлық айыптық санкцияларды төлейді. Брокер Клиенттің дербес шотынан және/немесе Клиенттің кез келген өзге шотынан тиісті сомаларды акцептсіз есептен шығару және оларды Брокердің шотына есепке жатқызу жолымен Брокер төлеген немесе Брокердің төлеуі жорамалданатын айыппұлдардың сомаларын ұстап қалуға құқылы.

10.5. Тұрақсыздық айыбының төлемақысын немесе нұқсанның өтемін жүзеге асыру туралы талап зардап шеккен Тараптың құқығы болып табылады және онымен жазбаша нысанда мәлімделеді.

10.6. Брокер олардың келтірілуі Клиенттің осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауының, не болмаса тиіссіз түрде орындауының нәтижесі болып табылған, соның ішінде Клиенттің өзінің анкеталық деректерінің (банктік деректемелерінің, сенім жүктелген тұлғаларының өкілеттіктерінің қолданылуының және басқасының) өзгергені туралы Брокерді құлақтандырмауымен/мерзімінен кеш құлақтандыруымен байланысты залалдар үшін Клиенттің алдында жауапкершілік көтермейді.

10.7. Брокер қаржы құралдарының, сондай-ақ кез келген үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін Клиенттің алдында жауапкершілік көтермейді. Брокер берілген тапсырыстар бойынша мәмілелерге қызмет көрсететін немесе оларға қатысатын, тап солай Клиенттің тапсырыстарын орындайтын немесе орындауға қатысатын үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін Клиенттің алдында жауапкершілік көтермейді.

10.8. Барлық талдампаздық есептер, ұсыныстамалар және хабарлар ақпараттық сипатқа ие. Брокер көрсетілген қызметтер (консультациялар, талдамалар, есептер, сауда идеялары, ұсыныстамалар және осы Шарт немесе оған қосымша келісімдер бойынша көрсетілетін қызметтердің басқа да нәтижелері) үшін, тап солай Клиенттің немесе Клиентпен байланысты тұлғалардың оларды келесіде қолдануының нәтижесі үшін жауапкершілік көтермейді. Клиент көрсетілген қызметтердің нәтижесін өз тәуекеліне және өзінің мүлктік жауапкершілігіне пайдаланады.

10.9. Клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер орындағаннан кейін оның күші жойыла алмайды және Клиентте Брокерге комиссиялық сыйақы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың комиссияларын төлеу бойынша міндеттеме сақталады және сонымен қатар, Клиент Брокерге клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындаудың нәтижесінде көтерген шығыстарды өтеуге міндетті.

10.10. Клиент жасасқан мәміле бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Брокердің ол туралы сауда-саттықты ұйымдастырушыны, тауарлық биржаны, мәмілеге қатысушыларды және өзге мүдделі тұлғаларды жария хабарландыруға құқығы бар.

11. Шарттың қолданылу мерзімі. Шартты доғару және үзу

11.1. Осы Шарт Брокердің Клиент қол қойған өтінішті алуы сәтінен бастап күшіне кіреді және мерзімсіз қолданылады.

11.2. Осы Шарттың қолданылуы келесі негіздер бойынша мерзімінен бұрын доғарылуы мүмкін:

11.2.1. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша екінші Тарапты жорамалдағы үзу күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде құлақтандыру жолымен;

11.2.2. Тараптардың екіжақты келісімі бойынша;

11.2.3. Брокердің брокерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясының қолданылуы уақытша тоқтатылған немесе қайтып алынған жағдайда;

11.2.4. Брокер заңды тұлға ретінде таратылған жағдайда;

11.2.5. осы Шарттың талаптарына сәйкес форс-мажор мән-жайларына байланысты;

11.2.6. Клиент Брокерге осы Шартқа өзгертулермен және\немесе толықтырулармен келіспейтіні туралы жазбаша түрде хабарлаған жағдайда;

11.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге негіздер бойынша.

11.3. Шарт бір жақты тәртіпте:

11.3.1. тараптардың бірі осы Шарттың талаптарын орындамаған кезде;

11.3.2. дербес шотты жабуға бұйрықтың негізінде;

11.3.3. Клиенттің дербес шотында соңғы он екі айдың ішінде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары) жоқ болған және Клиенттің ақшаны есепке алуға арналған шотында 1 000,0 (бір мың) теңгеден немесе шетел валютасындағы эквивалентті сомдан артық емес сома бар болған кезде Брокермен үзілуі мүмкін.

11.4. Осы Шарттың доғарылуы ешбір мәмілелерге немесе енді пайда болуы мүмкін кез келген заңды құқықтар мен міндеттерге ықпал етпейді. Шартты доғару күніне орындау процесіндегі мәмілелерді Брокер аяқтауға және Клиент ақысын төлеуге тиіс.

11.5. Осы Шарттың қолданылуы доғарылған кезде Клиенттің активтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табысталады.

11.6. Шарттың үзілу сәтіне қарай Клиенттің дербес шотында жатқан Клиенттің ақшасы мен бағалы қағаздары Брокердің сыйақысы мен ол осы Шартты орындау бойынша көтерген шығыстардың, айыптық санкциялардың, тұрақсыздық айыбының және Брокер Клиенттің бағалы қағаздары мен ақшасын жаңа брокердегі, тіркеушідегі және\немесе банктегі оның жаңа шотына аудару кезінде көтерген кез келген шығыстардың сомаларын шегергенде және Брокер Клиенттің активтері оларға аударылуға тиіс шоттар туралы ақпаратты жазбаша түрде алу шартымен, осы Шарттың үзілу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде қайтарылуға жатады. Бұл тармақ Шарттың 11.3.3-тармағына сәйкес Шарттың бір жақты тәртіпте үзілуіне таралмайды.

12. Дүлей күш мән-жайлары

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ондай орындамау осы Шартты жасасқаннан кейін Тарап не алдын ала болжап біле алмаған немесе ақылға қонымды шаралармен бетін қайтара алмаған төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде туындаған дүлей күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

12.2. Дүлей күш мән-жайларына Тарап оларға ықпал ете алмаған және олардың пайда болуы үшін ол жауапкершілік көтермейтін, бұл орайда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мүмкін емес қылатын оқиғалар жатады.

12.3. Дүлей күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде уәкілетті органдар берген куәландырушы құжаттарды ұсына отырып, екінші Тарапқа сондай мән-жайлардың орын алғаны туралы жазбаша нысанда хабар беруге міндетті. Осы тармақпен көзделген мерзім, егер екінші Тарапты дүлей күш мән-жайының әсері туралы құлақтандыру аталан мән-жайға байланысты мүмкін болып табылмаса, қолданылуға жатпайды. Дүлей күш мән-жайының әсері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында таратылатын немесе жалпыға мәлім сипатқа ие болатын жағдайда, осы тармақтың уәкілетті органдар берген куәландырушы құжаттарды ұсыну туралы талабы қолданылмайды.

12.4. Дүлей күш мән-жайлары туындаған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі сондай мән-жайлар және олардың салдары оның ішінде әсер ететін уақытқа мөлшерлес ұзартылады.

12.5. Егер осы Шарттан туындайтын міндеттемелердің орындалмау жай-күйі 3 (үш) айдан астам әсер етуін жалғастырса, және келесі айдың ішінде мән-жайдың доғарылуы туралы міндетті мәлімдеме жасауға мүмкіндік жоқ болса, онда әр Тараптың ескерту мерзімінсіз, үзудің дереу күшіне кіруімен осы Шартты үзуге құқығы бар.

13. Құпиялық

13.1. Осы Шарттың тараптарының әрқайсысы осы Шартты жасасу кезінде және осы Шарттың талаптарын орындаудың барысында Тараптар бір біріне жолдаған және жолдайтын ақпарат пен мәліметтердің бүкіл көлемін, соның ішінде Брокердің электрондық қызметтер көрсетуі кезінде Клиенттен алынған ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен жол берілетін шектерде коммерциялық және\немесе қызмет бабындағы ақпарат деп санауға келісті (бұдан әрі – құпия ақпарат).

13.2. Тараптардың ешбірі екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз осы Шартқа қатысты ешқандай жария мәлімдемелер, хабарлар немесе өзге ақпарат таратпайтын немесе табыстамайтын болады.

13.3. Брокер құпия ақпаратқа қатынау мүмкіндігін, Клиент олар туралы мәліметтерді күні бұрын жазбаша түрде ұсынған Клиенттің уәкілетті өкілдерін қоса алғанда, тек ол оларға осы Шартты орындау үшін қажет тұлғаларға, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына, өзін өзі реттейтін ұйымдар мен сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларына сәйкес, сондай-ақ Брокердің және\немесе оның үлестес тұлғаларының ішкі құжаттарын орындау мақсаттарында аталған ақпаратты алуға құқығы бар өзге тұлғаларға және Клиент Брокерге құпия ақпаратты, соның ішінде осы Шарттың талаптарында жария қылу құқығын берген жағдайларда ұсынады.

13.4. Тараптардың кез келген осы Шарттың талаптарын бұзып, құпия ақпаратты жария қылған, не болмаса таратқан жағдайда, кінәлі Тарап сондай ақпараттың жария етілуінің салдарынан екінші Тарап көтерген залалдарды өтеумен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтеретін болады.

13.5. Осы Шартты жасасу фактісі Брокердің Клиенттің дербес шотының жағдайы мен ол бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы мәліметтерді, сондай-ақ коммерциялық және қызмет бабындағы құпияны құрайтын Клиент туралы өзге мәліметтерді бағалы қағаздар нарығында, сауда-саттықты ұйымдастырушыға, Орталық депозитарийге, Сыртқы, соның ішінде шетелдік ұйымдарға, олардың аудиторлық тексерістерді орындауы кезінде аудиторлық ұйымдарға жария қылуына Клиенттің сөзсіз және қайтып алусыз келісімін білдіреді.

13.6. Осы Шартқа қосылғанда, Клиент Брокерге «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес өзінің жеке деректерін және\немесе өзінің жұмыскерлерінің жеке деректерін жинауға, пайдалануға және өндеуге өзінің келісімін береді, сондай-ақ осы Шарттың қолданылу мерзімінің ішінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген құжаттарды сақтау мерзімдерінің ішінде өзінің келісімін қайтып алмауға келіседі.

14. Тараптардың кепілдіктері

14.1. Осыменен Тараптар осы Шартты жасасу мен орындау және ол бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін барлық қажетті өкілеттіктерге ие екеніне; осы Шартқа Тараптар тиісті түрде рұқсат бергеніне және жасасқанына; осы Шарт осы Шарттың талаптарына сәйкес міндеттемесін орындамаған Тарапқа қатысты мәжбүрлік жүзеге асырылуы мүмкін Тараптардың заңды қолданылатын және орындалуға жататын міндеттемесін құрайтынына; Тараптардың осы Шартты, сондай-ақ осы Шарт бойынша кез келген басқа іс-әрекеттер жасауы Тараптардың құрылтай құжаттарының, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасының кез келген ережесіне, сондай-ақ Тараптардың кез келген басқа шарт бойынша міндеттемелеріне қайшы келмейтініне және коллизияда немесе қайшылықта болмайтынына бірін бірі сендіреді және кепілдік береді.

14.2. Осыменен Клиент өзінің бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты жүйелік және жүйелік емес тәуекелдердің орын алу фактісін толық ұғынатынын мәлімдейді. Брокер Клиент өзі қабылдаған инвестициялық шешімге байланысты көтерген қандай да бір нұқсан үшін жауапкершілік көтермейтін болады, өйткені Брокер берілген клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың талаптарында және параметрлеріне іс-әрекет етеді.

14.3. Клиент қаржы құралдарына нарықтық бағалардың ұлғаюы жағына да, тап солай азаю жағына да өзгеруі мүмкін екені және ондай бағалардың өзгеруі Брокердің бақылауынан тыс жатқаны туралы хабардар.

14.4. Клиент Брокердің осы Шартта көрсетілгендерге ұқсас қызметтерді үшінші тұлғаларға көрсететіні, сондай-ақ өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдайтыны, үшінші тұлғалардың мүдделерінде және өзінің мүдделерлерінде қаржы құралдарымен мәмілелерді және өзге операцияларды жүзеге асыратыны туралы хабардар. Үшінші тұлғалар үшін ондай мәмілелер мен операцияларды Брокер осы Шарт бойынша Клиентке көрсетілетін қызметтер бойынша талаптардан бөлек талаптарда жүзеге асыруы мүмкін.

14.5. Осыменен Брокер сондай құлақтандыру жіберу үшін негіз пайда болған күні поштамен және\немесе арнайы және\немесе электронды поштамен және\немесе факсимилелік хабармен немесе өзге мүмкін байланыс түрлерімен жазбаша құлақтандыру жолдау жолымен Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасымен Клиенттің есебінен және оның мүдделерінде жасау жорамалданатын қаржы құралдарымен мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер және ерекше талаптар туралы хабар беруді міндетіне алады.

14.6. Осыменен Брокер сондай құлақтандыру үшін негіз пайда болған күні Брокердің веб-сайтында тиісті құлақтандыру орналастыру жолымен Клиентке өзінің қаржылық жағдайының нашарлау фактілері мен себептері туралы, пруденциалдық нормативтердің сақталмауы туралы, Брокердің лауазымды тұлғаларына салынған шектеулі әсер ету шаралары мен санкциялар, әкімшілік айыппұлдар туралы, өзін өзі реттейтін ұйым қолданған әсер ету шаралары және қор биржасы салған айыппұлдар туралы хабар беруді міндетіне алады.

14.7. Осыменен Брокер сондай құлақтандыру жіберу үшін негіз пайда болған күні поштамен және\немесе арнайы және\немесе электронды поштамен және\немесе факсимилелік хабармен немесе өзге мүмкін байланыс түрлерімен жазбаша құлақтандыру жолдау жолымен Клиентке мүдделер қайшылығының пайда болу мүмкіндіктері мен фактілері туралы хабар беруді міндетіне алады.

14.8. Осыменен Брокер лицензияның қолданылуы уақытша тоқтатылған жағдайда, уәкілетті органның құлақтандыруын алу күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде жеке хабарлама жолдау және Клиент үшін жету оңай орындарда (бас офисі мен филиалдарының үй-жайларында, сондай-ақ интернет-ресурста) тиісті хабарламалар орналастыру жолымен Клиентті құлақтандыруды міндетіне алады.

14.9. Осыменен Брокер лицензиядан айырылған жағдайда, уәкілетті органның құлақтандыруын алу күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде лицензиядан айырылу себебінен осы Шартты үзу туралы жеке хабарлама жолдау жолымен Клиентті құлақтандыруды міндетіне алады.

14.10. Осы Шарт Клиенттің Брокердің тарифтерімен таныстырылғанын және олармен, сондай-ақ Брокердің оларды біржақты өзгерту мүмкіндігімен келісетінін білдіреді.

15. Дауларды шешу және қолданылатын құқық

15.1. Брокердің экономикалық қызметтерді көрсетуі және Клиенттің пайдалануы кезінде туындаған қайшылық жағдаяттарын қоса алғанда, осы Шарт бойынша кез келген дауларды және\немесе келіспеушіліктерді Тараптар келіссөз арқылы шешеді.

15.2. Келіссөз жүргізу мүмкін болмаған, не болмаса дауларды, қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөз жолымен шешу мүмкін болмаған кезде, олар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

15.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының құқығымен реттеледі.

16. Қорытынды ережелер

16.1. Тараптардың өзара келісуі бойынша, егер кез келген уақытта осы Шарттың бір немесе бірнеше ережесі кез келген жағдайларда немесе кез келген заң бойынша күші жоқ, заңсыз немесе заңды күшінен айырылған болып табылса, немесе сондайға айналса, осы Шарттың өзге ережелерінің қолданылуы, заңдылығы және заңды күші өзгеріссіз қалады.

16.2. Шарт Тараптардың арасында қол жеткен уағдаластықтың толық мәтінін құрайды және осы Шарттың мәніне қатысты Тараптардың барлық бұрынғы уағдаластықтарының, уәделерінің және ниеттерінің орнын басады.

16.3. Осы Шартқа, сондай-ақ Брокердің тарифтеріне өзгертулер, толықтырулар және түзетулер Брокермен бір жақты тәртіпте енгізілуі мүмкін және Клиенттің назарына Клиенттің электрондық мекенжайына тиісті құлақтандыру жолдау жолымен жеткізіледі. Көрсетілгенмен қатар, Брокер осы Шартқа, сондай-ақ Брокердің тарифтеріне өзгертулер және\немесе толықтырулар енгізу туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында таратуға құқылы. Аталған құлақтандыруды жіберу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Брокер Клиенттен енгізілген өзгертулермен және\немесе толықтырулармен жазбаша келісім немесе бас тарту алмаған жағдайда, Тараптар осы Шарт және тарифтер өзгертілген және\немесе толықтырылған талаптарда қолданылуын жалғастыратынымен, ал Клиент енгізілген өзгертулер және\немесе толықтырулармен келіскенімен келіседі. Осы тармақта көрсетілген мерзім біткенге дейін Клиент Брокердің атына осы Шартқа/тарифтерге енгізілген өзгертулерден және\немесе толықтырулардан бас тарту жолдаған жағдайда, осы Шарт үзілуге жатады.

16.4. Осы Шарт бірдей заңды күшке ие орыс және қазақ тілдерінде жасалды. Шарттың орыс тіліндегі және мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің арасында алшақтықтар туындайтын жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алуға уағдаласты.

«First Heartland Securities» АҚ
Брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шартқа
ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ (жеке тұлғалар үшін)

Мен,

Тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты (толық)	
ЖСН (өзге идентификатор)	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (атауы, нөмірі, күні, берген орган, қолданылу мерзімі)	

«First Heartland Securities» АҚ (бұдан әрі - Брокер) Брокерлік қызметтерді және\немесе номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарына жалпы қосыламын және келесіде қызмет көрсету үшін өзім туралы келесі мәліметтер беремін:

Байланыс телефоны	
E-mail бар болған жағдайда	
Есептерді алу тәсілі	<input type="checkbox"/> e-mail арқылы <input type="checkbox"/> Брокердің офисінде жеке қолға <input type="checkbox"/> пошталық мекенжайға <input type="checkbox"/> жеке кабинетте
Клиенттік тапсырыстарды беру тәсілдері (бірін немесе бірнешесін белгілеңіз)	<input type="checkbox"/> қағаз бетінде түпнұсқада <input type="checkbox"/> электрондық поштаға сканерленген көшірме түрінде келесі электрондық мекенжайға sales@fhs.kz <input type="checkbox"/> жеке кабинетте

_____ (қолтаңбасы)

Брокер толтырады

	Өтініштің қабылдану күні	КК/АА/ЖЖ
	Өтінішті қабылдаған Брокердің жұмыскерінің лауазымы және аты-жөні, қолтаңбасы	